

Теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 76 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 мамырда № 11044 тіркелді

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-23) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуін ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын ;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Инвестициялар және даму министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ә. Исекешев

« К Е Л І С І Л Д І » :

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р і

И.Н. Тасмағамбетов

2015 жылғы 4 сәуір

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р ж ә н е д а м у
м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 3 0 қ а ң т а р д а ғ ы
№ 76 бұйрығымен бекітілген

Теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру қағидалары

1. Осы Теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру тәртібін айқындайды және «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-23) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Теңіз порттарын жобалау порттарды, олардың аумағын, айдынын және іргелес елді мекендермен әрі өнеркәсіптік ұйымдармен бірге олардың даму перспективасын ескере отырып және бекітілген қала салу құжаттамасымен ұштастырып ұтымды орналастыру шарттары сақталып, жүзеге асырылады. Теңіз портын жобалау кезінде әлеуметтік және экологиялық проблемалар міндетті түрде қарауға жатады, бұл ретте қоршаған ортаны тиімді қорғауды және сақтауды, сондай-ақ шекаралық және кедендік бақылау жұмыстарын ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін шаралар әзірленеді.

3. Теңіз портын орналастыру және жобалау міндеті - бұл қауіпсіз қабылдау, тиеуді (түсіруді) жедел жүргізу және қазіргі заманғы әрі перспективалы көліктік кемелерге олардың келу кезегіне қарай кешенді қызмет көрсету талаптарын қанағаттандыратын және көліктің теңіздік әрі аралас түрлерінде тасымалдаудың прогрессивті тәсілдерінің шарттарына жауап беретін бірыңғай кешен ретінде портты орналастырудың оңтайлы шешімін табу. Бұл ретте мыналар қамтамасыз етілуі тиіс: порттың белгіленген өткізу қабілеті, портты есептік кезең шегінен тыс ұзақ перспективада дамыту мүмкіндігі және қабылданған шешімдердің экономикалық орындылығы.

4. Жобаланатын порттың технологиялық құрылымының негізгі элементтері қабылдау, тиеу (түсіру), теңіз көлік кемелеріне кешенді қызмет көрсету, сондай-ақ темір жол, автомобиль, құбыр және көліктің басқа да аралас түрлерінен жүкті қабылдау (беру) үшін қажетті техникалық құралдардың (құрылыстар, ғимараттар, жабдықтар, жайластыру, көліктік және инженерлік коммуникациялар) жиынтығы болып табылатын технологиялық қайта тиеу кешені болуы тиіс.

5. Портты орналастыру жобасында айдынның жалпы мөлшері айқындалуы тиіс, ол

мынадай қажеттілікке негізделе отырып белгіленеді:

1) айлақтарға кемелердің қауіпсіз маневр жасауы және жақын келуі үшін жағдайлар жасауға;

2) неғұрлым қолайлы толқын жағдайларына;

3) жүк және жолаушылар операциялары орындалған, жабдықтау, қызмет көрсету және бос тұрған кезде көлік флоты кемелерінің ыңғайлы және қауіпсіз жұмысына;

4) портта орналасқан кемелерді айдында орналастыруға: олардың қауіпсіз кіруі мен тұрағын ескере отырып, техникалық флотты, қызметтік-қосалқы флотты, мердігерлік құрылыс ұйымдарын және басқа да ұйымдарды.

Порт айдынының жалпы мөлшері, портқа кіретін қақпалардың ені, мөлшері және кіру рейді мен бассейндердің жоспарлы кескіндері ұзақ перспективаға кемелер мөлшерінің болжамды өзгерісі мен перспективалық кеме айналымы ескеріле отырып, анықталады.

6. Осы Қағидалармен қатар құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарын, теңіз порттарын жобалау кезіндегі санитарлық талаптарды басшылыққа алу қажет.

7. Жаңа теңіз портын салу туралы шешім қабылдау кезінде теңіз жағалаулары табиғи режимінің мынадай жағдайларын бағалау ескеріледі:

1) топографиялық жағдайлар (жағалау алабының кескіні - шығанақ, бухта, фьорд, кірме, көлтабан, лагун, қайраң, мүйіс);

2) гидрографиялық жағдайлар (теңіз түбінің бедері - изобата, саяз жағалау, тереңдеу жағалау);

3) метеорологиялық жағдайлар (ауа температурасы, желдің бағыты мен жылдамдығы, жауын-шашын және тұман);

4) гидрогеологиялық жағдайлар (су деңгейінің тұрақсыздануы, судың жағасынан шығуы мен қайтуы, толқындануы, теңіз ағысы, теңіз суының физикалық-химиялық қасиеттері және мұз режимі);

5) геологиялық және геоморфологиялық жағдайлар, үйінділер, теңіз суының құрылыс материалдарына әсер етуі.

Сондай-ақ алдын ала инженерлік іздестірулердің мынадай материалдары мен мәліметтері ескеріледі:

геологиялық материалдар (жағалау мен айдындың топырағы туралы мәліметтер); жел, толқын және мұз режимі туралы мәліметтер, навигациялық кезеңнің ұзақтығы; ағыс, үйінділер, климаттық жағдайлар туралы мәліметтер және басқа да мәліметтер техникалық-экономикалық есептеулерге қосымша ретінде жеке ресімделеді.